

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 19 наурыздағы N 339 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 10 сәуір N 412

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2002 жылғы 11-12 сәуірде Астана қаласында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің Қауіпсіздік Кеңестері Хатшылары Комитетінің мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 наурыздағы N 339 P020339_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбында және 2-тармақта "Астана" деген сөз "Алматы" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "2260830" деген сан "2424045" (екі миллион төрт жүз

жиырма төрт мың қырық бес)" деген сөздермен ауыстырылсын;

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің Қауіпсіздік Кеңестері Хатшылары Комитетінің мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарында: тақырыбында және "Жауапты орындаушылар" деген бағандағы реттік нөмірлері 5, 12, 25-жолдардағы "Астана" деген сөз "Алматы" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

